

**2012 жылы субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының оқтайлы себу мерзімдерін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 7 қыркүйектегі № 271 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 11 қазанда № 3846 тіркелді. Күші жойылды - Қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 7979 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды - Қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2012.12.29 № 7979 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес, "Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қорытындысы негізінде, жылдың қалыптасқан ауа райы-климаттық жағдайын ескере отырып, Федоров ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. 2012 жылы субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсынудың мерзімдері анықталсын:

1) көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың, оның ішінде 2 сәуірден 18 мамырға дейін көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге қажетті лизинг шартының негізінде сатып алынған тұқымның құнын арзандатуға;

2) 2 сәуірден 28 желтоқсанға дейін тыңайтқыштардың (органикалықтарды қоспағанда) құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын отандық өндірушілер өндірген (формуляциялаған) гербицидтермен өңдеуге жұмсалған шығындардың құнын арзандатуға.

2. Қосымшаға сәйкес 2012 жылы субсидияланатын басым ауыл

шаруашылығы дақылдарының оңтайлы себу мерзімдері белгіленсін:

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.М. Дошановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 2 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Ф е д о р о в

ауданының әкімі

Қ. Ахметов

А у д а н

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

7

қыркүйектегі

№ 271 қаулысына қосымша

### 2012 жылы субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының оңтайлы себу мерзімдері

№ р/с	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	О н т а й л ы себу мерзімдері
1	Жаздық бидай	15 мамырдан 5 маусымға дейін
2	Күздік бидай, кара бидай	15 тамыздан 1 қыркүйекке дейін
3	Сұлы, арпа, карақұмық	15 мамырдан 5 маусымға дейін
4	Бұршақ тұқымдас дақылдар	15 мамырдан 5 маусымға дейін
5	Майлы дақылдар	18 мамырдан 30 мамырға дейін
6	Картоп	10 мамырдан 31 мамырға дейін
7	Көкөніс бақша дақылдары	25 сәуірден 10 маусымға дейін
8	Жемшөптік, оның бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көп жылдық шөптер	бірінші мерзім - 20 сәуірден 31 мамырға дейін, екінші мерзім - 5 шілдеден 1 тамызға дейін
9	Шабындық шалғындандыру егілген көп жылдық шөптер	бірінші мерзім - 20 сәуірден 31 мамырға дейін, екінші мерзім 5 шілдеден 1 тамызға дейін
10	Жүгері және сүрлемдік күнбағыс	15 мамырдан 5 маусымға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК